

"Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 сәуірдегі № 271 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасының азаматы кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және соттың банкроттық рәсімін қолдануы үшін негіздерді, оларды жүргізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) төлем қабілетсіздігі - борышкердің ақшалай міндеттемелерді және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарды орындауға қабілетсіздігі;
- 2) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық органдары;
- 3) ағымдағы шығыстар - төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе соттың банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішті сот қабылдаған күннен кейін туындаған азаматтың ақшалай міндеттемелері, оның ішінде қаржы басқарушының сыйақысы;
- 4) борышкер - төлем қабілетсіздігі төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сондай-ақ соттан тыс және соттың банкроттық рәсімдерін қолдану үшін негіз болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы;

5) кредитор - борышкерге азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де міндеттемелерін, оның ішінде талаптары борышкердің мүлкін кепілге берумен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша туындайтын талаптары бар тұлға;

6) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі - сот тәртібімен қолданылатын рәсім, оның шеңберінде борышкерге борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қаржылық, құқықтық және өзге де іс-шаралар қолданылады;

7) әдейі банкроттық - азаматтың кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындаудан жалтару мақсатында соттан тыс және соттың банкроттық рәсімдерін қолданғанға дейін үш жыл ішінде мүлікті иеліктен шығару, жасыру немесе жою арқылы жеке мүддесі үшін жасаған әрекеттері;

8) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары - кредиторлар талаптарын өтеу кестесін іске асыру мерзімдері, сондай-ақ қол жеткізілетін нәтижелерді және пайдаланылатын ресурстарды қоса алғанда көрсете отырып, борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтитын құжат;

9) банкрот - өзіне қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі аяқталған немесе оған қатысты банкроттық соттың рәсімі аяқталғаны туралы сот шешімі заңды күшіне енген борышкер;

10) кредиторлар талаптарының тізілімі - кредиторлардың борышкерге мөлшерін, негіздерін және туындау күнін көрсете отырып, қоятын талаптарының тізбесі;

11) қаржы басқарушысы - төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және соттың банкроттық рәсімдерін жүргізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын адам;

12) мүліктік масса - борышкердің, соттың банкроттық рәсімінде өндіріп алуға қолданылуы мүмкін мүлкі;

13) соттың банкроттығы рәсімі - борышкердің мүліктік массасы есебінен кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру мақсатында борышкерге қатысты сот тәртібімен жүзеге асырылатын рәсім;

14) соттан тыс рәсімі - осы Заңға сәйкес банкроттық рәсімі жүзеге асырылатын борышкерге қатысты соттан тыс тәртіппен тоқтату мақсатында алдындағы міндеттемелерін екінші деңгейдегі банктер, банк филиалдары, Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдар операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, немесе жүзеге асыратын ұйымдардың, микроқаржы қызметін немесе коллекторлық агенттіктердің;

15) бітімгершілік келісім - соттың банкроттық рәсімінің көз келген сатысында оны, борышкер мен кредиторлар арасында сот бекітетін келісім жасасу жолымен тоқтату мақсатында қолданылатын рәсім;

2-бап. Осы Заңның қолданылуы

1. Осы Заң қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша залалды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілетсіздігіне байланысты туындайтын қатынастарға қолданылады.

2. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін және соттың банкроттық рәсімін қолдану туралы, сондай-ақ бітімгершілік келісім жасасу туралы өтінішті осы Заңда белгіленген ерекшеліктермен азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды.

3. Заңды тұлға (дара кәсіпкерлер) құрмай дара кәсіпкерлікті жүзеге асырушы жеке тұлғаларда кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыру қабылетсіздігімен байланысты туындайтын қатынастар "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

3-бап. Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішті беру үшін негіздер

1. Осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен аспайтын орындалмаған міндеттемелердің болуы соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш беру үшін негіздер болып табылады.

2. Борышкер мынадай мән-жайлардың жиынтығы көзінде соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш беруге құқылы:

1) борышкердің ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүлкі болмаса;

2) өтініште көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша осындай өтініш берілген күнгі он екі ай ішінде өтеу болмағанда.

Бұл ретте соттан тыс банкроттық рәсімінде кредитор болып табылуы мүмкін:
екінші деңгейдегі банктер;

Қазақстан Республикасының бейрөзидент банкінің филиалдары;

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар;

берешек бойынша борышкерге талап қою құқығы бар коллекторлық агенттіктер;

3) борышкерге қатысты банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешекті реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдер жүргізілсе.

Банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешекті реттеу жөніндегі рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) немесе микрокредиттік ұйымның банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып бас тартуы;

борышкердің банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) ұсынған банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тартуы.

Осы тармақшаның талабы коллекторлық агенттік пен кредиторлар арасында жасалған берешекті өндіріп алу және (немесе) талап ету құқығын басқаға беру туралы шарттар бойынша туындаған міндеттемелерге қолданылмайды.

Егер кредитор осы баптың 5-тармағында көзделген мерзімдерді сақтамаса, осы тармақшада көрсетілген құжаттар берілмейді.

4) борышкерге қатысты осындай өтініш берілген күннің алдындағы жеті жыл ішінде соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімі қолданылмаған жағдайларда жүргізіледі.

3. Осы бапта көрсетілген берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөніндегі шараларды Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес он екі айдан аспайтын мерзімде жүргізу қажет.

4. Осы баптың 2-тармағы 2) тармақшасының ережесіне қарамастан, егер өтініш берілген күннің алдындағы қатарынан он екі ай ішінде банк шоттарына түскен ақша сомасының орташа айлық мөлшері борышкердің өзіне және оның асырауындағы отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен аспаса, борышкер өтініш беруге құқылы.

5. Міндеттемелері коллекторлық агенттік пен кредиторлар арасында жасалған банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы, сондай-ақ берешекті өндіріп алу және (немесе) талап ету құқығын басқаға беру туралы шарттар бойынша туындаған борышкер, сондай-ақ егер мұндай міндеттемелер бес жыл ішінде орындалмаса, өтініш береді.

Бұл ретте осы баптың 1-тармағының, 2-тармақтағы 2) және 3) тармақшаларының ережелері осы тармақта көрсетілген өтінішті берген көзде қолданылмайды.

6. Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш сервистік бағдарламалық өнімдер немесе "Азаматтарға арналған үкімет" КЕАҚ арқылы беріледі.

4-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтініш беру үшін негіздер

1. Міндеттемелері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын борышкер, егер кредиторлар алдындағы міндеттемелер осындай өтініш берілген күнгі он екі ай ішінде орындалмаса, мынадай мән-жайлар көзінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінеді:

1) борышкер банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт (мұндай қарыз болған көзде) бойынша берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөнінде шаралар қолданса.

Банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешекті реттеу жөніндегі рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) немесе микрокредиттік ұйымның банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып бас тартуы;

борышкердің банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) ұсынған банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тартуы.

Осы тармақшаның талабы коллекторлық агенттік пен кредиторлар арасында жасалған берешекті өндіріп алу және (немесе) талап ету құқығын басқаға беру туралы шарттар бойынша туындаған міндеттемелерге қолданылмайды;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс және сот банкроттығы рәсімі борышкерге қатысты борышкердің өтініші берілгенге дейінгі жеті жыл ішінде қолданылмаған жағдайларда.

Бұл ретте барлық міндеттемелерінің мөлшері (оның ішінде орындалу мерзімі басталмағанда) өзіне тиесілі мүліктің құнынан аспайтын борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы өтінішпен ғана сотқа жүгінуге құқылы.

Осы бапта көрсетілген берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөніндегі шараларды Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес он екі айдан аспайтын мерзімде жүргізу қажет.

2. Егер кредитор:

Жеке тұлға;

атқарушылық іс жүргізу шеңберінде берешегі өндірілмеген (атқарушылық іс жүргізу бойынша өндіріп алу рәсімі аяқталған) заңды тұлға болып табылса, осы баптың 1-тармағының борышкер міндеттемелерінің мөлшері бөлігіндегі ережесі қолданылмайды.

5-бап. Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс және сот банкроттығы рәсімдеріндегі өкілеттіктері

1. Борышкер:

1) соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішті сервистік бағдарламалар өнімі немесе "Азаматтарға арналған үкімет" КЕАҚ арқылы беруге;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе соттың банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге;

3) осы Заңның 38-бабы 3-тармағына сәйкес өндіріп алуға болмайтын мүлікке меншік құқығын сақтауға;

4) осы Заңда көзделген тәртіп сақталған жағдайда өз мүлкін иеліктен шығару немесе өзіне жаңа міндеттемелер қабылдау бойынша мәмілелер жасасуға;

5) ай сайын борышкерге және оның асырауындағы еңбекке жарамсыз отбасы мүшелеріне республикалық бюджет туралы заңда тиісті жылға белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерде ақшаны өз билігінде қалдыруға құқылы.

Борышкердің өз билігіне қалдыратын ақша мөлшерін кредиторлар көбейте алады;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие.

2. Борышкер:

1) сервистік бағдарламалық өнімдер арқылы немесе сотқа жүгіну арқылы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтініш берген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей кредиторларды хабардар етуге;

2) егер осындай рәсімді жүргізу көзеңінде оның меншігіне кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерін толық немесе елеулі бөлігінде орындауға мүмкіндік беретін мүлік келіп түскен немесе өзге де түрде оның мүліктік жағдайы елеулі түрде өзгерген жағдайда, сервистік бағдарламалар өнімі арқылы соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату туралы өтініш беруге;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын әзірлеуге қатысуға;

4) уәкілетті органға, қаржы басқарушыға, сондай-ақ кредиторларға өзінің қаржылық жағдайы, мүлкі және міндеттемелері туралы дәйекті ақпаратты олардың жазбаша сұрау салуы негізінде, оны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей беруге;

5) қаржы басқарушыға өзінің қаржылық жағдайы, мүлкі және міндеттемелері туралы ақпарат алуына жәрдем көрсетуге;

6) осы Заңда көрсетілген қаржы басқарушыға өз өкілеттіктерін орындауға талаптарды және кедергі жүзеге асырмауға;

7) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының талаптарын орындауға;

8) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген мәмілелерді қоспағанда, өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелерді қабылдамауға;

9) егер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген іс-шараны орындау мүмкін болмаған жағдайда, жоспарланған іс-шараны орындау мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және соттың банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақшаның күші төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген іс-шараны орындау еңсерілмейтін күштің салдарынан, төтенше оқиғалар (жағдайлар) жарияланған не үшінші тұлғалардың кінәсінен мүмкін болмаған жағдайларда қолданылмайды;

10) оқиға басталған күннен кейінгі жеті жұмыс күні ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау еңсерілмейтін күштің салдарынан, төтенше ахуал (жағдай) жарияланған не үшінші тұлғалардың кінәсінен мүмкін болмағаны туралы кредиторларды хабардар етуге;

11) қолдаухатпен сотқа рәсімінің аяқталғаны туралы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мерзімі аяқталғаннан кейін орындалған немесе мерзімінен бұрын орындауды жоспарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру;

12) шешімдердің бірі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мүліктік массаны қаржы басқарушының басқаруына беруге:

сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы;

төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерін тоқтату және сот банкроттығы рәсімнің қолдану туралы;

13) соттан тыс немесе соттық банкроттық рәсімі аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде уәкілетті орган коммерциялық емес ұйымдармен бірлесіп ұйымдастырған халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың тегін курстарынан өтуге;

14) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді орындауға,

3. Борышкердің осы баптың 2-тармағының 3) - 9) тармақшаларында көзделген міндеттерді орындамауы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтатуға әкеп соғады.

6-бап. Кредиторлардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сондай-ақ соттан тыс және соттың банкроттық рәсімдеріндегі өкілеттіктері

1.Кредитор:

1) борышкерге қойылатын өз талаптарын осы Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мәлімдеуге;

2) борышкерден, қаржы басқарушысынан осы Заңда көзделген рәсімдерге қатысты ақпарат алуға;

3) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын жасауға қатысуға;

4) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсінде борышкердің ай сайын өз билігінде қалдыратын ақша мөлшерін ұлғайту туралы мәселені қарауға;

5) борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген іс-шараны орындамаған жағдайда, жоспарланған іс-шараны орындау мерзімі басталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге;

6) банкроттың міндеттемелерін тоқтатудан бас тартуға негіз болып табылатын белгілі болған мән-жайлар туралы қаржы басқарушыға және сотқа хабарлауға;

7) осы Заңда және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Кредитор:

1) қаржы басқарушыға, борышкерге өзінің талаптарын мәлімдеген көзде, оның талаптарының негізі мен мөлшерін растайтын құжаттарды беруге;

2) қаржы басқарушысының сұрау салуы бойынша борышкердің төлем қабілетсіздігінің туындау себептері, оның қаржылық жағдайы, мүлкі және

міндеттемелері туралы қолда бар ақпаратты сұрау салуды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей беруге;

3) қаржы басқарушыға борышкердің мүлкі және міндеттемелері туралы қолда бар қосымша мәліметтерді хабарлауға;

4) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын қарауға және осы Заңда белгіленген мерзімдерде өз ұсыныстары мен ескертулерін енгізуге;

5) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын әзірлеу көзінде осы Заңның 29-бабының 2-тармағында көзделінген берешекті қайта құрылымдау құралдарын қолдануға міндетті.

Осы тармақшаның күші кредиторларға өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша, алимент төлеу бойынша қолданылмайды;

6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Осы баптың 2-тармағының 5) -тармақшасында көзделген міндетті орындамаған кредитордың талаптарын барлық кредитордың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін борышкердің қалған мүлкінен осы Заңның 29- бабының 2-тармағында көзделген қолданғанын құралдары берешекті қайта құрылымдау қанағаттандырылуға жатады.

7-бап. Уәкілетті органның өкілеттіктері

Уәкілетті орган:

1) борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішінің нысанын бекітеді;

2) қаржы басқарушы қорытындысының нысанын бекітеді;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің үлгілік жоспарының нысанын бекітеді;

4) банкроттың міндеттемелерін тоқтатуға негіздер болуы/болмауы туралы қаржы басқарушының қорытындысының нысанын бекітеді;

5) қаржы басқарушының қорытынды есебінің нысанын бекітеді;

6) қаржы басқарушының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс және сот банкроттығы рәсімдеріндегі бұзушылықтар туралы әрекеттеріне шағымдарды қарайды;

7) қаржы басқарушысының қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар хабарламаларының тізілімін жүргізеді;

8) уәкілетті органның интернет-ресурсында қаржы басқарушының қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың тізімін орналастырады;

9) осы Заңда көзделген рәсімдер қолданылған, тоқтатылған және аяқталған азаматтардың тізімін уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады;

10) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы және осы Заңда белгіленген мерзімде кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы хабарламаны өзінің интернет-ресурсында жариялайды;

11) хабарламаны нәтижелері нысанын бойынша анықталған бұзушылықтар профилактикалық бақылау туралы бекітеді;

12) мемлекеттік органдардан олардың құзыреті шегінде және заңды тұлғалардан борышкер, оның мүлкі және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген заңмен қорғалатын құпияны беру тәртібіне қойылатын талаптарды ескере отырып, соттан тыс және сот банкроттығы рәсімдері шеңберіндегі міндеттемелері туралы ақпаратқа сұрау салады және алады;

13) қаржы басқарушысын борышкердің мүлкі туралы ақпаратты береді;

14) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот банкроттығы рәсімдері қаржы басқарушысының қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

15) борышкердің қаржылық жай-күйі мониторингінің жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

16) қаржы басқарушыны тағайындайды;

17) қаржы басқарушысын таңдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18) банкрот деп танылған азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

19) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-бап. Қаржы басқарушыларының Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылау

1. Қаржы басқарушыларының Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеруді және профилактикалық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалады.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

9-бап. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау

1. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу, оларға жол бермеу және бақылау субъектісіне уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды дербес жою құқығын беру болып табылады.

Қаржы басқарушы бақылау субъектісі болып табылады.

2. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәсілі уәкілетті орган алған деректерді және ақпараттарды өзара салыстыру болып табылады, оларға:

1) бақылау субъектісі жүзеге асыратын рәсімдерді жүргізу туралы ағымдағы және сұрау салынатын ақпарат жатады.

Мұндай ақпаратты беру нысанын, тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді;

2) уәкілетті мемлекеттік органдардан, сондай-ақ қаржы басқарушының және борышкердің қызметі бойынша өзге де көздерден алынған мәліметтер жатады.

Атына уәкілетті органның сұрау салуы келіп түскен өз құзыреті шегінде, мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар сотқа дейінгі тергеу, қылмыстық іс мәліметтерін, құжаттарын және (немесе) материалдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген заңмен қорғалатын құпияны беру тәртібіне қойылатын талаптарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсіміне немесе соттан тыс және сот банкроттығы рәсіміне қатысты ақпаратты береді.

Уәкілетті органның сұрау салуын орындау мерзімі, орындаудың неғұрлым ұзақ мерзімі сұрау салудың өзінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, ол келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнін құрайды.

3. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде, бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша хабарлама жіберіледі.

Хабарлама бақылау субъектісіне жеке қолын қойғызып немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен тапсырылуға тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген хабарлама мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол - алғаны туралы хабарламада белгі қойылған күннен бастап;

2) электрондық тәсілмен:

- уәкілетті орган қаржы басқарушының уәкілетті органда қызметінің басталғаны немесе деректерінің өзгергені туралы хабарламада көрсетілген электрондық мекенжайына жіберген күннен бастап;

- уәкілетті органның интернет-ресурсының веб-қосымшасына және (немесе) арнайы мобильдік қосымшасына уәкілетті орган хабарлама жеткізген күннен бастап тапсырылды деп есептеледі.

Аталған тәсіл Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті органмен электронды тәсілде өзара іс-қимыл жасайтын және (немесе) арнайы мобильді қосымшаны пайдаланатын бақылау субъектілеріне қолданылады.

4. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама ол тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

5. Бақылау субъектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген көзде хабарламаны жіберген уәкілетті органға хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Хабарлама орындалмаған деп танылған жағдайда уәкілетті орган жазбаша шешім шығарады және оны осы баптың 3-тармағында көзделген тәсілдердің бірімен бақылау субъектісіне жібереді.

6. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу арқылы бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға әкеп соғады.

7. Уәкілетті орган жоюға мүмкін болмайтын бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, қаржы басқарушысына немесе әкімшілердің кәсіби ұйымдарына бұзушылық анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша хабарлама жіберіледі.

8. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау тоқсан сайын жүзеге асырылады.

10-бап. Құпиялылық

1. Уәкілетті орган мен қаржы басқарушы борышкердің келісімін алмай, осы Заңда көзделген рәсімдер қолданылғанға үш жылға дейінгі көзең ішінде, борышкер туралы мәліметтерді сұратуға және алуға құқылы.

2. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, Қаржы басқарушының не уәкілетті органның лауазымды адамының борышкер туралы өздеріне сеніп тапсырылған немесе қызметі немесе жұмысы бойынша белгілі болған мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын жария етуі, сол сияқты осындай мәліметтерді қамтитын құжаттарды жоғалтуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Уәкілетті органның немесе қаржы басқарушының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мемлекеттік органдарға өздері табыс еткен ақпаратты беруі құпия ақпаратты жария ету болып табылмайды.

4. Осы Заңда көзделген рәсімдерді жүргізу көзінде мынадай:

1) қаржы басқарушының қызметін жүзеге асыратын адам туралы;

2) кредиторлар туралы;

3) кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген талаптардың сомасы туралы және көзектер бөлігінде оларды қанағаттандыру мөлшері туралы;

4) рәсімдерді жүргізу мерзімдері туралы;

5) кредиторлар талаптарын қанағаттандыру кестесінің орындалуы туралы;

6) қаржы басқарушының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдардың болуы және оларды қарау нәтижелері туралы;

7) қаржы басқарушысын анықталған құқық бұзушылық фактілері бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы;

8) осы Заңда көзделген рәсімдерді тоқтату негіздері туралы;

9) осы Заңда белгіленген құқықтарды іске асыру шеңберінде осыған уәкілеттік берілген адамдар бастамашылық жасаған сот талқылаулары туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

11-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе соттың банкроттық рәсіміне қатысушылармен өзара іс-қимыл

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе соттың банкроттық рәсіміне қатысушылар өзара іс-қимылын Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған көз келген тәсілмен жүзеге асыруға құқылы.

Электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл көзінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе соттың банкроттық рәсіміне қатысушылар уәкілетті органның интернет-ресурсының веб-қосымшасын пайдаланады.

Уәкілетті органның интернет-ресурсында қалыптастырылған электрондық құжат электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады және белгіленген электрондық форматта беріледі.

12-бап. Борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану және мүлікті қайтару

1. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және осы Заңда көзделген негіздер болған кезде, егер мәмілелерді борышкер немесе ол уәкілеттік берген адам төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және соттың банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасаса, олар жарамсыз деп танылады.

Егер борышкерге соттың банкроттық рәсімі төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату нәтижесінде қолданылса, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзім төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

2. Осы бапта көзделген мәмілелер анықталған кезде қаржы басқарушы, оның ішінде мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осындай мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті.

3. Егер мәміле жарамсыздығының өзге салдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделмесе, мәміле жарамсыз деп танылған кезде борышкерге - мәміле бойынша тараптың алғанының бәрі қайтарылуға, заттай қайтару мүмкін болмаған кезде қайтарылуға жататын мүліктің құны, мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құны ақшалай өтеуліге жатады.

Бұл ретте мүлікті қайтарған тұлға борышкерге талап қою құқығына ие болады, ол осы Заңның 40-бабы 4-тармағына сәйкес қанағаттандырылуға жатады.

4. Мүлікті, оның жоғалуына, Бүлінуіне не кейіннен үшінші тұлғалардың адал сатып алуына байланысты қайтару мүмкін болмаған көзде немесе мүлікті өтеусіз берген көзде талап етілетін мүлікті бастапқы сатып алушылар үшінші тұлғалар жоғалтқан, Бүлдірген , берген не адал сатып алған мүліктің құны шегінде осыған байланысты жоғарыда аталған іс-әрекеттерімен құны шегінде жоғалған, туындаған залалдарды өтеу бойынша борышкер алдында жауаптылықта болады.

13-бап. Қаржылық басқарушы

1. Қаржы басқарушысы қызметін жүзеге асыруға құқығы бар, хабарламалары, тұлғалардың хабарламалар тізіліміне енгізілген тұлғалар қаржы басқарушы болып әрекет ете алады.

2. Қаржы басқарушы қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды хабарламалар тізіліміне енгізу үшін уәкілетті органға қаржы басқарушы қызметінің рұқсаттама және хабарлама мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы басталғаны туралы хабарлама береді.

3. Қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаны:

1) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметті жүзеге асыратын әкімші;

2) кәсіби бухгалтер;

3) аудитор;

4) заң консультанты беруге құқылы.

4. Қызметінің басталғаны туралы хабарламаға:

1) егер өтініш беруші осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлға болып табылса - кәсіби бухгалтер сертификаты;

2) егер өтініш беруші осы баптың 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлға болып табылса - "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігі;

3) егер өтініш беруші осы баптың 3-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген тұлға болып табылса - заң консультанты палатасындағы мүшелігін растайтын құжат қоса беріледі.

Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлға хабарлама берген жағдайда құжаттар талап етілмейді.

5. Қызметінің басталғаны туралы хабарламада көрсетілген деректер өзгерген көзде өтініш беруші деректер өзгерген күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға көрсетілген өзгерістер туралы хабарламаны жіберуге міндеті.

6. Қаржы басқарушысы мынадан:

1) борышкерге немесе оның кредиторына қойған талаптары немесе міндеттемелері бар болған;

2) егер ол борышкердің немесе кредитордың жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы болып табылған жағдайларда өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға құқылы емес.

7. Қаржы басқарушысы қызметін тоқтатқан кезде уәкілетті органға тиісті хабарлама жіберуге міндетті.

8. Уәкілетті орган:

1) осы баптың 4-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған;

2) уәкілетті орган осы баптың 5-тармағында көзделген мән-жайларды анықтаған;

3) осы Заңның 9-бабының 7-тармағында көзделген хабарламалар оған тізбекті күнтізбелік он екі ай ішінде үш реттен көп жіберілген;

4) тексеру нәтижелері бойынша осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптарды бұзушылық анықталған;

5) қылмыстық іс қысқартылған не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) және 12) тармақтарында немесе 36-бабының бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

6) осы тұлғаға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген;

7) психикалық, мінөз-құлқының бұзылуларына (ауруларына), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсету ұйымдарында есепте тұрған;

8) сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған;

9) қаржы басқарушысы қызметін тоқтату туралы хабарлама берген;

10) қызметі тоқтатылған немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімші, кәсіби бухгалтер, аудитор, заң консультанты қызметімен айналысу құқығынан айырылған;

11) оларды кейіннен уәкілетті орган анықтаған жағдайда, осы баптың 6-тармағы негізінде қаржы басқарушысы етіп тағайындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың болуы туралы хабарламаған;

12) қайтыс болған немесе сот қаза болды деп не хабарсыз кетті деп танылғанын жариялаған жағдайларда қаржы басқарушысы хабарламасын қаржы басқарушылар қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалардың хабарламалары тізілімінен алып тастайды.

9. Қаржы басқарушысы қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалардың хабарламасы тізілімінен хабарламаны алып тастауды ол анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

10. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қаржы басқарушы қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалардың хабармасы тізілімінен хабарлама алып тасталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде борышкерге және кредиторға осындай тізілімінен қаржы басқарушысын алып тастау туралы ақпаратты жолдайды.

11. Тұлға хабарлама оның алынып тасталды -уәкілетті орган хабарламалар тізілімінен тұлғалардың қызметін жүзеге асыруға құқығы бар қаржы басқарушының

қайта беруге құқылы, мұндай хабарлама болған себептер жойылған жағдайда, болдырмау, бірақ кемінде үш жылда шығарылған күннен бастап.

12. Қаржы басқарушысы уәкілетті органмен және өзге де тұлғалармен уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған көз келген тәсілмен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға құқылы.

2-тарау. Соттан тыс банкроттық рәсім

14-бап. Борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініші

1. Борышкер уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және тәртіппен сервистік бағдарламалар өнімі немесе "Азаматтарға арналған үкімет" КЕАҚ арқылы әкімшілер кәсіби ұйымына соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш береді.

2. Борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішіне:

1) кредиторлар тізімін көрсете отырып, олардың атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) немесе жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), берешек сомасы, орналасқан жері.

2) борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеуді жүргізу жөнінде шаралар қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

3. Сәйкес болған жағдайда, борышкердің көзделген мән-жайлар осы Занның 3-бабында, борышкер туралы мәліметтер ішінде үш жұмыс күн "электрондық үкімет" веб-порталда уәкілетті органмен орналастырылады.

4. Сәйкес келмеген жағдайда, борышкердің көзделген мән-жайлар осы Заңның 3-бабында, бас тарту туралы хабарлама рәсімін қолдану соттан тыс банкроттық уәкілетті органмен белгілеген нысан беріледі.

5. Қайта өтініш рәсімін қолдану туралы соттан тыс банкроттық борышкер құқылы шығарғаннан кейін негіздер себеп болған бас тарту рәсімін қолдану соттан тыс банкроттық, бірақ кемінде үш ай алған күннен кейін бас тартқан.

15-бап. Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану

1. Соттан тыс банкроттық рәсімін уәкілетті органмен жүргізу мерзімі борышкер туралы мәліметтер "электрондық үкімет" веб-порталында орналастырылған күннен бастап алты айды құрайды.

2. Банкроттық туралы мәліметтер "электрондық үкімет" веб-порталында орналастырылған күннен бастап мынадай салдар басталады:

1) борышкердің кредиторлар алдындағы өтініште көрсетілген борыштық міндеттемелерін мерзімдері өткен болып саналады;

2) борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішінде көрсетілген кредиторлардың міндеттемелерді орындауын борышкерден талап етуге тыйым салынады;

3) борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішінде көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша айыпақыны (өсімпұлды, айыппұлды) және сыйақыны есептеу тоқтатылады;

4) борышкерге қарыздар алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру бойынша мәмілелер жасауға тыйым салынады;

5) мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан уәкілетті орган борышкердің мүлкі туралы ақпарат алуға келісімін берген болып есептеледі;

6) борышкердің банк шотынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақша өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкінен өндіріп алуға жол берілмейді;

7) мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде емделу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеу, оқу және жұмысқа орналастыру, сондай-ақ оқу және біліктілігін арттыру қажет болған жағдайларды қоспағанда, борышкердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуына тыйым салынады;

8) қарызды өндіріп алу туралы сот шешімін орындау тоқтатыла тұрады.

Осы баптың бірінші бөлігі 1), 2) және 3) тармақшаларының ережелері бойынша алимент туралы және өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарға қолданылмайды.

3. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуына тыйым салуды белгілеу мақсатында "электрондық үкімет" веб-порталына борышкер туралы мәлімет орналастырылған күннен бастап екі күн ішінде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша шығуына тыйым салу туралы шешім шығарылады.

Уәкілетті орган шығуға тыйым салу туралы шешім шығарылған күннен бастап бес жұмыс күннен кешіктірмей оны борышкерге және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының тыс жерлерге шығу тыйым салу үшін тиісті органға жолдайды.

4. Борышкерге қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі тоқтатылған жағдайда шығуға тыйым салу туралы шешімнің күші жойылуға жатады.

5. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде емделу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеу, оқу және жұмысқа орналастыру қажет болған жағдайларда шығуға тыйым салу туралы шешім тоқтатыла тұруға жатады.

Шығуға тыйым салу туралы шешімді шығару, тоқтата тұру, қайта бастау және күшін жою тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

16-бап. Соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату

1. Соттан тыс банкроттық рәсімі, егер мұндай рәсімді жүргізу мерзімі ішінде:

1) борышкер сервистік бағдарламалар өнімі арқылы өзінің меншігіне мүліктің түсуіне немесе оның кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерін толық немесе елеулі бөлігінде орындауға мүмкіндік беретін мүліктік жағдайының өзгеруіне байланысты соттан тыс рәсімді тоқтату туралы өтініш берсе;

2) мүлікті немесе мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның мөлшері, орналасқан жері туралы мәліметтерді не мүлік туралы өзге де ақпаратты жасыру, мүлікті өзге иеленуге беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, сондай-ақ мүлік туралы мәліметтерді керсететін құжаттарды жасыру, жою, бұрмалау фактілері анықталса;

3) борышкер қайтыс болғанда, оны хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;

4) нәтижесінде берешектің жалпы сомасы осы Заңның 3-бабының 1-тармағында көрсетілген сомадан асып түсетін, осы Заңның 14-бабының 2-тармағында көрсетілген басқа кредиторлардың болу фактілері анықталса тоқтатылады.

2. Соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату осындай рәсімнің тоқтатылғаны туралы хабарландыруды уәкілетті органмен "электрондық үкімет" веб-порталында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

3. Соттан тыс банкроттық рәсімінің тоқтатылуы борышкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеп соқпайды.

17-бап. Соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді міндеттемелерден босату

1. Осы Заңның 16-бабына сәйкес соттан тыс рәсімді тоқтату үшін негіздер болмаған кезде, борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш берген күннен бастап алты ай өткеннен кейін уәкілетті орган соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарады. Шешім уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша шығарылады және "электрондық үкімет" веб-порталында орналастырылуға жатады.

2. Міндеттемені борышкердің көрсетілген өтініште қолдану туралы соттан тыс рәсімін, банкроттық күннен бастап тоқтатылады орналастыру веб-порталында "электрондық үкімет" хабарландырулар аяқталуы туралы соттан тыс банкроттық рәсімін және борышкерді банкрот деп тану.

Бұл ретте банкроттың:

1) алимент төлеу;

2) өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша міндеттемелері тоқтатылмайды.

3) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес туындайтын міндеттемелер.

3. Банкротқа қарыздар алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру жөніндегі мәмілелерді бес жыл ішінде жасауға тыйым салынады.

3-тарау. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе соттың банкроттық рәсімі

18-бап. Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе соттың банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтініші

1. Борышкер осы Заңның 4-бабында көзделген мән-жайлар болған кезде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы сотқа өтінішпен жүгінеді.

2. Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы арызды өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында береді.

3. Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтінішіне қоса беріледі:

1) кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі (берешек сомасы және оның құрылған күні, тұрғылықты жерінің немесе орналасқан жерінің мекенжайы, электрондық мекенжайлар және кейіннен хабардар ету үшін байланыс телефондарының нөмірлері (осындай ақпарат болған кезде) көрсетілген);

2) банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінгенге дейін кемінде алты ай бұрын жасалған бағалау туралы есепті (ол болған кезде) қоса бере отырып, борышкер мүлкінің тізімдемесін табыс етеді.

3) борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтініш бергенге дейін соңғы үш жылда жасаған қарыздар алу және мүлікпен және активтермен операциялар жөніндегі мәмілелердің тізбесі;

4) борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеуді жүргізу жөнінде шаралар қолданғанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

4. Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы осы бапта белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өтінішін сот қайтарады.

19-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау

1. Арыз осы Заңның 18-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда сот өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

2. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарымда осындай ұйғарым шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысын тағайындау қажеттігі туралы, борышкердің мүліктік массаға түгендеу жүргізу үшін қаржы басқарушыға қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесі көрсетіледі.

3. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмелерін борышкерге, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне және аумақтық әділет органына жібереді.

20-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс қозғаудың салдары

1. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап мынадай салдарлар туындайды:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтініште көрсетілген борышкердің борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептеледі;

2) борышкерден төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтініште көрсетілген кредиторлардың міндеттемелерді орындауын талап етуге тыйым салынады;

3) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтініште көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлдарды, айыппұлдарды) және сыйақыны есептеу тоқтатылады;

4) борышкерге қарыздар алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру жөнінде мәмілелер жасауға тыйым салынады;

5) кредиторлардың мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан өз мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептеледі;

6) емдеуді жүргізу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеуді жүргізу қажет болған жағдайларды қоспағанда, борышкердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуына тыйым салынады;

7) кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне борышкердің банк шоттарынан ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкінен өндіріп алуға жол берілмейді;

8) борышкерге мүлікті иеліктен шығару немесе өзіне жаңа міндеттемелер қабылдау жөнінде мәмілелер жасауға тыйым салынады;

9) борышкерге қойылатын талаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімі шеңберінде ғана қойылуы мүмкін;

10) борышкердің мүлкіне қатысты соттардың бұрын қабылдаған шешімдерінің орындалуы тоқтатыла тұрады;

11) борышкер мүлікті беруге, мүліктік міндеттемелерді төлеуге немесе өзге де тәсілмен орындауға міндетті өзге де органдар мен ұйымдардың мемлекеттік органдарының шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1), 2) және 3) тармақшаларының ережелері алименттер туралы және өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарға қолданылмайды.

2. Борышкер үшінші тұлғалардың кепілдігімен, кепілгерлігімен немесе кепілімен қамтамасыз етілген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау кредитордың банкроттық туралы іс шеңберінен тыс борышкердің орындалмаған міндеттемелері бойынша кепілгерлерге, кепілгерлерге және кепіл берушілерге талаптар қою жөніндегі іс-әрекеттерді жүзеге асыруына кедергі болмайды.

21-бап. Сот актілері

1. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы істер бойынша сот мынадай сот актілерінің бірін қабылдайды:

- 1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешім;
- 2) сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы шешім;
- 3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешім;
- 4) сот банкроттығы рәсімінің аяқталуы туралы және банкроттың сот банкроттығы рәсімі барысында орындалмай қалған міндеттемелерін тоқтатудан бас тарту туралы шешім;;
- 5) Сот банкроттығы рәсімінің аяқталуы және банкроттың сот банкроттығы рәсімі барысында орындалмай қалған міндеттемелерін тоқтату туралы шешім қабылдау жатады;
- 6) бітімгершілік келісімді бекіту және банкроттық рәсімді тоқтату туралы ұйғарым;
- 7) бітімгершілік келісімді бекітуден бас тарту туралы соттың ұйғарымы;
- 8) бітімгершілік келісімді бекіту туралы сот ұйғарымының күшін жою туралы шешім;
- 9) бітімгершілік келісімді бұзу туралы шешім.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) -5) тармақшаларында көзделген сот актілерін, сот қаржы басқарушысының қорытындысын ескере отырып қабылдайды.

22-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімдерін қолдану туралы істер бойынша соттың өкілеттіктері

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімдерін қолдану туралы істер бойынша сот:

- 1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекітеді;
- 2) қаржы басқарушысының қорытынды есебін бекітеді;
- 3) борышкерді борыштық міндеттемелерден босату туралы немесе босатудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

23-бап. Қаржы басқарушысының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімдерін жүргізу кезіндегі өкілеттіктері

1. Уәкілетті орган төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қозғау немесе сот банкроттығы туралы сот ұйғарымы шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде хабарламалары қаржы басқарушысының қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалар

хабарламаларының тізіліміне енгізілген тұлғалар арасынан қаржы басқарушысын тағайындайды.

2. Осы Заңда қаржы басқарушысына жүктелген өкілеттіктерді өзге тұлғаларға беруге болмайды.

3. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімінде қаржы басқарушысының сыйақысы борышкердің қаражаты есебінен төленеді.

Қаржы басқарушысы сыйақысының мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының бір мөлшерін құрайды.

4. Қаржы басқарушысы сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей және оларды қарау аяқталғанға дейін міндетті:

1) уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы, сондай-ақ кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды уәкілетті органға жіберуге міндетті;

2) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыруға міндетті;

3) борышкердің мүлкіне түгендеу жүргізуге міндетті;

4) осы Заңның 24-бабына сәйкес жасалған қорытындыны сотқа ұсынуға міндетті;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

5. Қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы сот ұйғарым шығарғанға дейін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдануға міндетті:

1) Борышкермен бірлесіп төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын әзірлесін және оны бекіту үшін сотқа табыс етсін;

